

ТЕКСЕРІЛДІ:
әдіскер Д.Б.Мұхаметьярова

*Утверждено
методист
Д. Мухометьярова*

10.04.2026 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 13.04 – 17.04. 2026 жыл (3-апта)

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. Апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 13.04	Сейсенбi 14.04	Сәрсенбi 15.04	Бейсенбi 16.04	Жұма 17.04
Ата-аналармен әңгімелесу	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жиһаздар»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Көктемгі қауіпсіздік ережелерін сақтау. 1. Көктемде қар еріп, жер тайғақ болады. Балалар жүгірмей, абайлап жүруі керек. 2. Көктемде шатырдан мұздар құлауы мүмкін. Сондықтан ғимараттың дәл жанында тұрмау керек. 3. Қар ерігенде су көп болады. Балалар үлкен суға немесе арықтарға жақындамауы керек. 4. Көктемде күн жылы болса да, жел суық болуы мүмкін. Сондықтан бас киім, күртеше кию керек. 5. Жерде жатқан қауіпті заттарды ұстамау керек. Бір нәрсе тапса, міндетті түрде тәрбиешіге айту қажет. 6. Көктемде гүлдер өсіп, құстар келеді. Гүлдерді жұлмау, құстарды үркітпеу керек.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Самғау» күйі https://lmusic.kz/mp3/bauyrzhan-makaev-samgau/19003				
	«Өнегелі 15 минут» «Құрметтеуді үйренеміз» Ойынның мақсаты: құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды				

	сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады.				
Сөздік минимум	картоп, сәбіз, қияр. Мен қияр жеймін. Ө дыбысы – төрт, көк		Бір дегенім – білім, екі деген – ілім, үш дегенім – үміт.		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Ө дыбысы» Міндеттері: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге және есте сақтауға, ол сөздерді қолдана білуге; қазақ тіліне тән ө дыбысын айтуға үйрету; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету - Мынау – қандай түс? - Көк - «Көк» деген сөздің ортасында қандай дыбыс естіліп тұр? - «Ө» дыбысы. - Онда бәріміз «ө» дыбысын айтып		<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Санамақ» Міндеттері: заттардың санын білдіретін сөздерді түсіну, айта білу және оны ауызекі тілде қолдануға үйрету; балаларды санамақпен таныстыру, дұрыс айтуға және санауға үйрету. Қызығушылықты ояту – Балалар, менің қолымда не бар? – Доп! – Доп нешеу? – Бір! – Ал мынау нешеу болды? – Екі! Санамақпен таныстыру – Балалар, бүгін біз «санамақ» үйренеміз. Санамақ – сандарды өлеңмен айту. – Мен мәнерлеп оқимын, сендер мұқият тыңдаңдар. Бір дегенім – білім, Екі дегенім – ілім, Үш дегенім – үміт,		

	<p>көрейік. - Ө-ө-ө. - Қалай айтылып тұр? Созылып па, тез айтылып тұр ма? - Созылып айтылып тұр. - Олай болса, балалар, бүгінгі біздің өтетін дыбысымыз - «Ө» дыбысы. - «Ө» дыбысын барлығымыз хормен айтып көрейік? - Қалай жасалып тұр? (Ерін арқылы.) - Қалай айтылып тұр? (Еркін, яғни дауысты, жіңішке.) - «Ө» дыбысы жіңішке болып айтылады. - «Ө» дыбысы біз өткен дыбыстардан «О» дыбысына ұқсайды.</p> <p>«Ө» дыбысы бейнежазба көру</p> <p>«Ө» дыбысының артикуляциясын меңгерту. Аузымызды дөңгелектеп алға созамыз, тіліміз ашық, тілімізді төмен түсіріп артқа тартамыз, «Ө» дыбысы қазақ тілінің</p>		<p>Төрт дегенім – төсек, Бес дегенім – бесік.</p> <p>– Енді бірге қайталайық. (Балалармен бірге айтады)</p> <p>Саусақпен жұмыс – Қане, қолымызды көтерейік. – Бір дегенде – бір саусақ көрсетеміз. – Екі дегенде – екі саусақ. (Балалармен бірге қайталайды)</p> <p>Сұрақ-жауап – Бірден кейін қандай сан келеді? Балалар: – Екі – Екіден кейін ше? – Үш</p> <p>Ойын «Кім дұрыс көрсетеді?» – Мен сан айтамын, сендер саусақпен көрсетесіңдер. – Үш! (Балалар көрсетеді) – Бес! Қате болса, түзетеді</p> <p>Қимылды ойын – Енді санамақты қимылмен айтайық. (Әр санға қимыл қосады:</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>төл дыбысы. Ө - жіңішке дауысты дыбыс. Айнаға қаратып айтқызу.</p> <p>«Ия, жоқ» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға «ө» және «о» дыбысына мысалдар айтады. - Өмір, орта, өрнек, ай, өр, қар, шөл, бөле, жүрек, ирек, өрлеу, үндеу. Балалар «ө» дыбысын естігенде аяқпен топылдатады.</p> <p>Тіл ұстарту жаттығуы. Өс – өс – өс. Құстар бізге дос.</p> <p>Жаңылтпаш жаттайық. Өсер өркен өштеспейді, Өршеленген еш өспейді. Өштестірет өсекшілер, Өректіген өштестерді.</p> <p>«Сөз ойла, көп ойла» ойыны. «Ө» әрпінен</p>		<p>секіру, қол соғу) Қорытынды бөлім – Балалар, біз бүгін не үйрендік? – Санамақ – Қандай сандарды білдік? – Бір, екі, үш, төрт, бес – Кім санамақты айтып береді? 2–3 бала шығып айтады</p> <p>Мадақтау – Жарайсыңдар, балалар! Бәрің өте жақсы қатыстыңдар! – Сендер бүгін өте ақылды болдыңдар!</p>		
--	--	--	--	--	--

басталатын сөздерді
тез айту. (Өріс, өгіз,
өрік, өрмекші,
өшіргіш, өзен.)

Сергіту сәті.

Отырып-ақ орнымда
Өзенді де кешемін.
Сен білмесең, егерде
Былай ескек есемін.
Есемін, есемін,
Үлкен болып өсемін.

**«Ө» дыбысына
арналған тақпақ.**

«Ө» дегенім – Өрік.
Өрікті ал теріп!
Өзің ғана жемей,
Өркенге бер бөліп,
Балалар қайталап
айтады.

Қорытынды

- Қандай дыбыспен
таныстық?

- «Ө» қандай дыбыс?

-

«Ө» дыбысы сөздің қай
жерінде кездеседі?

<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Тыңда, қайтала – Бұл не? – Бұл картоп. – Бұл не? – Бұл сәбіз. – Бұл не? – Бұл қияр.</p> <p><u>Мектепалды топ</u> Жаңылтпаш жаттайық. Өсер өркен өштеспейді, Өршеленген еш өспейді. Өштестірет өсекшілер, Өректіген өштестерді.</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> Санамақ жаттау Бір дегенім – білім, Екі дегенім – ілім, Үш дегенім – үміт, Төрт дегенім – төсек, Бес дегенім – бесік.</p>		
<p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>	<p style="text-align: center;">«Асықты топқа бөл» ойыны</p> <p>Мақсаты: Балалардың топтастыру және жүйелеу қабілетін дамыту. Құралдар: Түрлі өлшемдегі асықтар. Ойын ережесі: Балалар асықтарды өлшеміне, түсіне немесе түріне қарай бөліп қоюы керек. Дұрыс бөлген бала жеңімпаз атанады.</p>				